


## САБАҚ ЖОСПАРЫ

|                       |  |
|-----------------------|--|
| <b>Пән</b>            | Дүниетану  |
| <b>Мұғалім</b>        | Нусупбекова Айнұр                                |
| <b>Мектеп, сынып</b>  | Талдықорған қаласы, №2 орта мектеп, 2 «в» сыныбы |
| <b>Сабақ тақырыбы</b> | Су. Судың қасиеті.                               |



www.bilimland.kz

|  |  |   |
|--|--|---|
| <b>Сабақтың мақсаты:</b>                       | Оқушыларға су тіршіліктің көзі екенін ұғындыру; Әртүрлі тәжірибелер жасау нәтижесінде судың басты қасиеттерін және оның шаруашылықтағы маңызын оқушыларға таныстыра отырып, сыни ойлауға дағдыландыру.   |   |
| <b>Сілтеме:</b>                                | Оқулық «Дүниетану» 2-сынып, мазмұнды суреттер, слайд, «Табиғаттағы су айналымы» бейнекөрсетілімі сайттан<br><br><a href="http://imektep.kz/tabigattagi-su-aynalimi">http://imektep.kz/tabigattagi-su-aynalimi</a> |   |
| <b>Сабақтың әдіс-тәсілдері:</b>                | Интерактивті оқыту әдісі, кубизм, сұрақ-жауап, интервью, көрнекілік, тәжірибе, топтастыру.   |   |
| <b>Сабақтың түрі:</b>                          | Жаңа тақырыпты меңгерту сабағы   |   |
| <b>Күтілетін нәтиже:</b>                       | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Оқушыларда су, судың қасиеттері, күйі туралы түсінік қалыптасады;</li> <li>- Топпен жұмыс істеуге дағдыланады;</li> <li>- Сабаққа қызығушылықтары артады;</li> <li>- Сын тұрғысынан ойлауға дағдыланады.</li> </ul>                                       |   |
| <b>Сабақтың барысы</b>                         |  |   |
| <b>Сабақтың кезеңдері:</b>                     | <b>Мұғалімнің іс-әрекеті</b>   | <b>Оқушының іс-әрекеті</b>  |
| <b>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру</b> | Оқушылар шеңберге жиналып, бір-біріне тілектерін айтысады, топқа бөлінеді.   | Оқушылар топқа бөлініп, топ басшысын тағайындайды.                    |
| <b>Үй тапсырмасын тексеру</b>                  | «Аукцион» ойыны <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ауа ластанбау үшін не істеу керек?</li> <li>- Ауаның қандай қасиеттері бар?</li> <li>- Ауаның табиғаттағы маңызы.</li> <li>- Ауаның адам өміріндегі маңызы.</li> </ul>  | Оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып, ауа туралы білгендерін айтады, |

|                                |   |   |
|--------------------------------|---|---|
|                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ауаның құрамын ата.</li> <li>- Ауа неден ластанады?</li> </ul> <p>Олай болса, ауасыз тіршілік жоқ екенін білдік.</p>   | бір-бірін толықтырады.  |
| <b>Жаңа тақырыпты меңгерту</b> | <p><b>➤ Жұмбақ жасыру</b><br/> Өзенде, көлде өмір сүреді,<br/> Аяғы жоқ, жорғалайды, жүреді<br/> Аузы да жоқ сынғырлайды, күледі.<br/> Онсыз бірақ жер бетінде тірлік жоқ,<br/> Жерге тамып түседі<br/> Айтындаршы, осыны кім біледі? (Су)</p> <p>➤ Ой қозғау:<br/> - Су қандай зат?<br/> - Судың түсі қандай?<br/> - Судың пішіні болады ма?<br/> - Суды қандай жерлерде кездестірдің?</p> <p>Су – тіршілік көзі. Жер бетінің үштен екі бөлігін су алып жатыр.</p> <p>➤ «Табиғаттағы су айналымы» бейнекөрсетілімін көрсету арқылы судың күйі, айналымы, маңызы туралы түсінік беріледі<br/> <a href="http://imektep.kz/tabigattagi-su-aynalimi">http://imektep.kz/tabigattagi-su-aynalimi</a></p> <p>➤ Тәжірибе жасап көрсете отырып, судың қасиеттері туралы түсінік беру</p> <p>➤ Оқулықпен жұмыс</p> <p>Іштей оқу, жұппен, топпен талдау</p> <p>➤ Топтық жұмыс:<br/> 1. Судың қасиеттері туралы айт.<br/> 2. Қалай ойлайсың, адам өмірінде қайсысы маңызды су ма, әлде ауа ма?<br/> 3. Судың пайдасы туралы эссе жаз.<br/> 4. Су – бу – мұз осы үшеуін байланыстырып әңгімеле.<br/> 5. Интервью әдісі арқылы топтардан сұқбат ал.<br/> 6. Су туралы жұмбақ құра.</p> | <p>Оқушылар берілген жұмбақтың шешуін таба отырып, бүгінгі сабақтың тақырыбын анықтайды.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.<br/> Бейнекөрсетілімді тамашалайды</p> <p>Тәжірибе барысында судың қасиеттері туралы түсінік қалыптасады.</p> <p>Оқулықпен жұмыс жүргізеді.</p> <p>Топтық жұмысқа қатысады, тапсырмаларды орындайды.</p> |
| <b>Бекіту</b>                  | <p>Ойды жалғастыру: «Егер мен...».</p> <p>Егер мен су болсам...</p> <p>Егер мен ауа болсам...</p> <p>Егер мен жер болсам...</p>   | Оқушылар өз жауаптарын айтады   |
| <b>Қорытынды</b>               | – Біз бүгін не білдік?  | Оқушылар өз ойларын айтады  |

|                      |  |  |
|----------------------|--|--|
| <b>Бағалау</b>       | Өзін-өзі бағалау                       | Оқушылар өздеріне баға қояды.                |
| <b>Кері байланыс</b> | Екі жұлдыз, бір тілек                  | Сабақ бойы алған білімі туралы ойлана біледі |
| <b>Үй тапсырмасы</b> | 41-43 бет тапсырмаларды оқу, мазмұндау | Күнделіктеріне түртіп алады                  |